

КӨШІРМЕ  
ДҰРЫС

БЕКІТЕМІН  
Жамбыл облысы әкімдігінің білім  
басқармасының басшысы  
Н.Оршубеков  
«29» қыркүйек 2025 жыл

Дарынды оқушыларға арналған облыстық олимпиадалық  
резерві мектебінің  
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. «Дарынды оқушыларға арналған облыстық олимпиадалық резерві мектебі» (бұдан әрі – Олимпиадалық резерві мектебі) облыстық білім басқармасының бастамасымен құрылып, дарынды балалардың пәндік олимпиадаларға жүйелі түрде дайындалуын қамтамасыз етеді.

1.2. Бұл Ереже Олимпиадалық резерві мектебінің мақсаттарын, міндеттерін, құрылымын, жұмыс бағыттарын және ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

1.3. Олимпиадалық резерві мектебіне облыс көлеміндегі жалпы орта білім беретін мектептердің 7-8 және 9-11 сыныптардың дарынды оқушыларына арналған.

2. Мақсаты мен міндеттері

2.1. **Мақсаты:** Өңіріміздегі жасөспірімдер арасынан дарынды оқушыларды анықтау, дарынды балалардың әлеуетін толық ашуға жағдай жасау, оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін дамыту арқылы оларды облыстық, республикалық, халықаралық пәндік олимпиадаларға жүйелі дайындық жүргізу және үздік нәтиже көрсетуге қол жеткізу.

2.2. **Міндеттері:**

- Дарынды жастардың білім жолын жалғастыруына бағыт-бағдар беру;
- Дарынды және қабілетті балалардың дамуына жағдай жасау;
- Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша (математика, физика, информатика, химия, биология, география) жоғары қабілетті оқушыларды іріктеу;
- Оқушылардың даму траекториясын құру;
- Арнайы оқу бағдарламалары негізінде тереңдетілген дайындық жүргізу;
- Оқушыларды олимпиадалық режимге психологиялық тұрғыдан бейімдеу;
- Білімдерін шыңдау үшін пән олимпиадаларын ұйымдастыру;
- Іріктелген оқушылардың оқу-жаттығу жиындарына қатысуын ұйымдастыру, аралық кезеңде қашықтықтан, онлайн білім алуын қадағалау;

- Оқушылардың бойынша ізденімпаздық пен зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру.

### 3. Ұйымдастыру тәртібі

3.1. Резерв мектебі оқу жылында белгіленген кесте бойынша (тоқсандық демалыс кезінде) жұмыс істейді.

3.2. Әр пән бойынша жетекші мұғалімдер мен жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары тартылып, сабақтар жүргізіледі.

3.3. Оқушыларды Олимпиада Резерві мектебіне іріктеу үш кезеңнен тұрады:

I кезең - мектепшілік іріктеу кезеңі

II кезең - аудандық іріктеу кезеңі

III кезең - облыстық іріктеу кезеңі.

3.4. Олимпиада Резерві мектебінің сабақтары offline және online форматта ұйымдастырылады.

### 4. Іріктеу кезеңін өтізу тәртібі және оны ұйымдастыру

4.1. Резерв мектебіне жалпы орта білім беретін мектептердің 7-11 сынып оқушылары қатысады.

4.2. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы (*математика, физика, химия, география, биология, информатика*) пәндер бойынша резерв мектебіне іріктеу кезінде әр пәннен берілген тапсырманың 80% орындаған қатысушы келесі кезеңге жіберіледі.

4.3. Олимпиадалық резерв мектебінің іріктеу кезеңінің ашықтығы мен академиялық адалдығын сақтау мақсатында өткізу процесін онлайн режимінде қарау үшін бейне бақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі.

4.4. Резерв мектебінің іріктеу кезеңінде қатысушылар бір-бірімен сөйлесуге, аудитория бойынша еркін жүріп-тұруға, кез-келген ақпаратты электронды түрде пайдалануға, электронды құрылғыларды, жеке компьютерлерді, мобильді және интернет байланыс құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

4.5. Қатысушы осы тәртіпті және (немесе) әрбір жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндер бойынша іріктеу кезеңін ұйымдастыру және өткізуге бекітілген талаптарды бұзған жағдайда, іріктеу кезеңін ұйымдастырушысының өкілі қатысушыны шеттету туралы акт жасай отырып, осы қатысушыны аудиториядан шығаруға құқылы.

4.6. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы (*математика, физика, химия, география, биология, информатика*) пәндер бойынша олимпиадалық резерв мектебінің II аудандық іріктеу кезеңінде әр ауданнан әр пәннен шамамен 20 оқушы (жалпы 120 оқушы) келесі III облыстық іріктеу кезеңіне қатысады.

4.7. III облыстық іріктеу кезеңінде әр пәннен 10 қатысушы (жалпы 60 оқушы) қазылар алқасының шешімімен Резерв мектебіне іріктеліп алынады.

4.8. Резерв мектебінің қатысушылары оқу-жаттығу жиыны барысында қорытынды тест тапсырмаларынан төмен нәтиже көрсеткен жағдайда, олимпиадалық резерв командасынан шеттетіледі.

4.9. Резерв мектебінің қатысушылары жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалардың облыстық кезеңіне қатыстырылады.

## 5. Қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Қатысушылардың құқықтары:

- ✓ тереңдетілген білім алу;
- ✓ ғылыми жетекшіден консультация алу;
- ✓ олимпиадаларға қатысу;
- ✓ оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілу.

4.2. Қатысушылардың міндеттері:

- ✓ оқу процесіне белсенді қатысу;
- ✓ ішкі тәртіп ережелерін сақтау;
- ✓ өз бетімен дайындық жұмыстарын жүргізу.

## 6. Жетекшілердің міндеттері

- ✓ пән бойынша оқу бағдарламасын әзірлеу және өткізу;
- ✓ оқушылардың білімін жүйелі түрде тексеру;
- ✓ олимпиадаларға дайындықты бақылау;
- ✓ әдістемелік көмек көрсету.

## 7. Қорытынды ережелер

6.1. Бұл Ереже облыстық білім басқармасының бұйрығымен бекітіледі.

6.2. Ережеге толықтырулар мен өзгерістер енгізу қажеттілігі туындаған жағдайда облыстық білім басқармасының шешімімен жүзеге асырылады.

КӨШІРМЕ  
ДҰРЫС